ISSN 2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ HALYK CHARITY FOUNDATION

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»
ЧФ «Халық»

NEWS

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
«Halyk» Private Foundation

SERIES
PHYSICS AND INFORMATION TECHNOLOGY

1 (349)

JANUARY – MARCH 2024

PUBLISHED SINCE JANUARY 1963
PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

ЧФ «ХАЛЫҚ»

В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект Ozgeris powered by Halyk Fund – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в Astana IT University, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «USTEM Robotics» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «Almaty Digital Ustaz.

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и Wos и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением,
Благотворительный Фонд «Халык»!

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Физика және информатика сериясы».
ISSN 2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)
Меншіктеуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.02.2018 ж. берілген **No 16906-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *физика және ақпараттық коммуникациялық технологиялар сериясы.*
Қазіргі уақытта: *«ақпараттық технологиялар»бағыты бойынша ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдар тізіміне енді.*
Мерзімділігі: *жылына 4 рет.*
Тиражы: *300 дана.*
Редакцияның мекен-жайы: *050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19*
http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/

«Известия НАН РК. Серия физика и информатики».
ISSN 2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)
Собственник: *Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).*
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан **No 16906-Ж** выданное 14.02.2018 г.
Тематическая направленность: *серия физика и информационные коммуникационные технологии.*
В настоящее время: *вошел в список журналов, рекомендованных ККСОН МОН РК по направлению «информационные коммуникационные технологии».*
Периодичность: *4 раз в год.*
Тираж: *300 экземпляров.*
Адрес редакции: *050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, оф. 219, тел.: 272-13-19*
http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
Series of physics and informatics.
ISSN 2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan **No. 16906-Ж,** issued 14.02.2018
Thematic scope: *series physics and information technology.*
Currently: *included in the list of journals recommended by the CCSES MES RK in the direction of «information and communication technologies».*
Periodicity: *4 times a year.*
Circulation: *300 copies.*
Editorial address: *28, Shevchenko str., of. 219, Almaty, 050010, tel. 272-13-19*
http://www.physico-mathematical.kz/index.php/en/

NEWS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCESOF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES
ISSN 1991-346X
Volume 1. Namber 349 (2024). 7–20
https://doi.org/10.32014/2024.2518-1726.238

МРНТИ- 81.93.29
УДК 372.851.02

© K.S. Aldazharov, S.K. Batyrkhan*, 2024
Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: serik.batyrkhan@narxoz.kz

ANALYSIS OF THE MODERN MODEL OF INFORMATION SECURITY

Aldazharov K.S. — Candidate of Economic Sciences, Associate Professor at the School of Digital Technologies, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan
E-mail kanagat.aldazharov@narxoz.kz, https://orcid.org/0000-0002-3181-4539;
Batyrkhan S.K. – Master of Technical Sciences, Senior Lecturer at the School of Digital Technologies, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan
E-mail serik.batyrkhan@narxoz.kz, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0002-4726-5626.

Abstract. The current situation related to the spread of the virus pandemic shows a sharp increase in cyber attacks, which negatively affects the preservation of corporate and personal data. In this regard, studies aimed at studying the problems of information security are relevant. The article is devoted to the analysis of the problems of using the Zero Trust information protection model (zero trust). It attempts to reveal the concept of this model, as a result of which it considers the possibility of moving from the traditional method of protection "perimeter protection" to the "zero trust" model. At the same time, since this concept is just a theory, we did not offer practical steps for its implementation, so different companies may act differently. In this article, we provide information on the practical implementation of steps to mitigate the risk of Zero Trust Network Access (ZTNA). Its purpose is that at some point a company may realize that the network infrastructure includes outdated devices and software that cannot implement modern security standards. At the same time, a trusted zone is formed within the corporate network, which allows users, devices and applications to carry out certain actions, taking into account data security. At the same time, the ways of this transition are given on the examples of Microsoft and Google. The issues under study will be of interest to specialists in the field of cybersecurity.

Keywords: Zero trust, security, information, information security, general control, data analysis

© К.С. Алдажаров, С.К. Батырхан*, 2024
Narxoz Университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: serik.batyrkhan@narxoz.kz

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МОДЕЛІН ТАЛДАУ

Алдажаров К.С. — э.ғ.к., Цифрлық технология мектебінің қауымдастырылған профессоры, Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail kanagat.aldazharov@narxoz.kz, https://orcid.org/0000-0002-3181-4539;
Батырхан С.К. — т.ғ.м., Цифрлық технология мектебінің аға оқытушысы, Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail serik.batyrkhan@narxoz.kz, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0002-4726-5626.

Аннотация. Вирус пандемиясының таралуымен байланысты болып отырған қазіргі жағдай кибершабуылдардың күрт өсуін көрсетуде, бұл корпоративтік және дербес деректердің сақталуына теріс әсерін тигізуде. Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін зерттеуге бағытталған зерттеулер өзекті болып табылады. Мақала Zero Trust (нөлдік сенім) ақпараттық қауіпсіздік моделін қолдану мәселелерін талдау тақырыбына арналған. Мақала осы модельдің тұжырымдамасын талдауды білдіреді, осының нәтижесінде дәстүрлі «периметрді қорғау» қорғаныс әдісінен «нөлдік сенім» моделіне көшу мүмкіндіктерін қарастырады. Сонымен қатар бұл тұжырымдаманың өзі тек теория болғандықтан, оны іске асырудың практикалық қадамдарын ұсынбадық, сондықтан әртүрлі компаниялар әртүрлі әрекет ете алады. Мақалада Zero Trust Network Access (ZTNA) тәуекелдерді азайту қадамдарының практикалық орындалуы туралыда ақпаратты береміз. Оның мақсаты, бір сәтте компания желілік инфрақұрылымның ескірген құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитынын білуі мүмкін, оларда заманауи қауіпсіздік стандарттарын енгізу мүмкін емес. Оларды ауыстыру көп ресурстарды және уақытты қажет етеді. Бұл ретте корпоративтік желі ішінде сенімді аймақ қалыптасады, ол пайдаланушыларға, құрылғылар мен қолданбаларға деректер қауіпсіздігін ескере отырып, белгілі бір әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді. Бұл ретте Microsoft және Google компанияларының мысалдарында осы көшудің амал-тәсілдері келтірілген. Зерттелетін мәселелер киберқауіпсіздік саласындағы мамандарды қызықтыруы мүмкін.

Түйін сөздер: Нөлдік сенім, қауіпсіздік, ақпарат, ақпараттық қауіпсіздік, жалпы бақылау, деректер талдау

© К.С. Алдажаров, С.К. Батырхан*, 2024
Университет Нархоз, Алматы, Казахстан.
E-mail: serik.batyrkhan@narxoz.kz

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОЙ МОДЕЛИ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Алдажаров К.С. — к.э.н., ассоциированный профессор Школы цифровых технологий, Университет Нархоз, Алматы, Казахстан
E-mail kanagat.aldazharov@narxoz.kz, https://orcid.org/0000-0002-3181-4539;
Батырхан С.К. — м.т.н., старший преподаватель Школы цифровых технологий, Университет Нархоз, Алматы, Казахстан
E-mail serik.batyrkhan@narxoz.kz, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0002-4726-5626.

Аннотация. Современная ситуация, связанная с распространением пандемии вируса показывает резкий рост кибератак, что негативно сказывается на сохранении корпоративных и персональных данных. В этой связи исследования, направленные на изучение вопросов безопасности информации являются актуальными. Статья посвящена анализу проблем использования модели защиты информации Zero Trust (нулевое доверие). В ней предпринята попытка раскрытия концепции данной модели, в результате которой рассматриваются возможности перехода от традиционого метода защиты «защите периметра» к модели "нулевое доверие". В то же время, поскольку данная концепция является всего лишь теорией, практических шагов по ее реализации мы не предлагали, поэтому компании могут действовать по-разному. В этой статье мы предоставляем информацию о практической реализации шагов по снижению риска доступа к сети с нулевым доверием (ZTNA). Цель состоит в том, что в какой-то момент компания может осознать, что сетевая инфраструктура включает в себя устаревшие устройства и программное обеспечение, в которых невозможно реализовать современные стандарты безопасности. При этом внутри корпоративной сети образуется доверенная зона которая позволяет пользователям, устройствам и приложениям проводить определенные действия с учетом безопасности данных. Авторами приведены способы этого перехода на примерах компаний Microsoft и Google. Изучаемые вопросы заинтересуют специалистов в области кибербезопасности.

Ключевые слова: нулевое доверие, безопасность, информация, информационная безопасность, общий контроль, анализ данных

Кіріспе

Қазіргі уақытта бизнес үшін басты проблема ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері болып отыр. Мәселен, Positive Technologies (ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуге маманданып отырған халықаралық компания) бағалаулары бойынша, COVID-19 тақырыбымен

жаппай шабуылдар да, APT шабуылдар да байланысты болды. 2020 жылдың ішінде шифрлаушылардың шабуылдар санының үнемі өсіп отырғандығы байқалды. Қашықтан жұмыс істеудің жер-жерде кеңінен енгізілуіне орай, ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа тәуекелдері пайда болды, әлеуметтік инженерия ұйымдардың желісіне ену үшін жиі қолданыла бастады. Жаһандық жаңалықтардың себебін — эпидемияны — хакерлік топтардың барлық түрлері қолданды. Бұл ретте, 2019 жылы болжанғандай, 2020 жылы APT-шабуылдардың саны өсуін жалғастырды («Өзекті киберқауіптер: 2020 жылдың III тоқсаны», 2020). Сондықтан қазіргі таңда ақпаратты қорғау өте өзекті мәселе болым табылады. Мақаланың тақырыбы осыған орай таңдалды.

Зерттеудің мақсаты – ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қолданылатын заманауи әдістердің, яғни Zero Trust моделін талдау болып табылады.

Әдеттегідей, инфрақұрылымды қорғаған кезде, компаниялар «периметрді қорғау» ұғымын пайдаланады. Бұл қағида компанияның ресурстарына сырттан қосылуға тырысатын барлық нәрсені мұқият тексеруді көздейді. Бұл ретте периметрдің ішінде (яғни корпоративтік желіде) осында пайдаланушылар, құрылғылар мен қосымшалар белгілі бір іс-қимыл еркіндігіне ие болатын сенім білдірілген аймақ құрылады.

Әдістер мен материалдар

Қауіпсіздікті виртуалды VPN желісін құру кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті өте маңызды болып келеді. Жалпы қабылданған анықтамаға сәйкес деректердің қауіпсіздігі олардың құпиялылығын, тұтастығын және қол жетімділігін білдіреді. VPN міндеттеріне қатысты деректер қауіпсіздігінің критерийлері келесідей анықталуы мүмкін:

a) Құпиялылық - деректерді қауіпсіз VPN арналары арқылы беру процесінде бұл мәліметтер заңды жөнелтуші мен алушыға ғана белгілі бола алатындығына кепілдік;

b) Тұтастық туралы - қауіпсіз VPN арнасы арқылы өту кезінде берілетін деректердің қауіпсіздігінің кепілі. Жаңа деректерді өзгерту, жою немесе құру әрекеттері анықталып, заңды пайдаланушыларға белгілі болады;

c) Қол жетімділік - VPN функцияларын орындайтын құралдардың заңды пайдаланушыларға үнемі қол жетімді екендігінің кепілі. VPN құралдарының қол жетімділігі - бұл бірқатар факторларға тәуелді болатын күрделі көрсеткіш: іске асырудың сенімділігі, қызмет көрсету сапасы және құралдың өзін сыртқы шабуылдардан қорғау дәрежесі.

VPN (Virtual Private Network) - виртуалды жеке желі. VPN технологиясы қашықтағы пайдаланушыларға жалпыға ортақ желілер арқылы (мысалы, Интернет) қауіпсіз байланыс арналарын қолдана отырып, жергілікті желіге қосылуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда локалды желіні қолдана отырып алыс қашықтағы офистарды қауіпсіз басқаруға осы моделді қолданып іске асыруға болады. Осы қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында жаңа технологияны қолдана отырып қашықтан пайдаланушыларға арналған VPN құрылымдық диаграммасы құрылды. Осы тақырып негізінде VPN құрылымдық қауіпсіздік моделін 1-суретте көруге болады.



1-сурет. VPN құрылымдық диаграммасы
Figure 1. VPN structural diagram

Сенім білдірілген аймақ жергілікті желімен және оған қосылған стационарлық құрылғылармен шектеліп келген кезде, периметрді қорғау тиімді болған еді. Алайда, ұйымдар мен олардың қызметкерлері пайдаланатын мобильді гаджеттер мен бұлттық сервистердің санының өсуімен, периметр ұғымы бұлыңғыр болып кетті. Қазіргі заманғы компаниялардың көпшілігінде корпоративтік ресурстардың ең аз дегенде бір бөлігі кеңседен, ал кей кездері елден де тыс жерде орналасқан. Тиісінше, оларды бір үлкен қабырғаның артына жасырып қою мүмкін емес. Ал енді сенім білдірілген аймақтың ішіне өтіп, онда еш кедергісіз жүріп-тұру анағұрлым оңайырақ бола бастады.

Сондықтан, 2010 жылы Forrester Research жобасының талдаушысы Джон Киндерваг (John Kindervag) «периметрді қорғауға» балама ретінде «нөлдік сенім» тұжырымдамасын ұсынды. Ол ресурстарды сыртқы және ішкі деп бөлуден бас тартуды ұсынды. Zero Trust тұжырымдамасы — бұл шын мәнінде қандай да болсын сенім білдірілген аймақтардың толық болмауы. Осы модельдің аясында пайдаланушылар, құрылғылар және қосымшалар қандай да бір корпоративтік ресурске кіруді талап еткен әрбір ретте тексерілуге тиіс болады (Peters, 2019).

Нәтижелер және оларды талқылау

«Нөлдік сенімге» негізделген қауіпсіздік жүйесін өрістетуге деген бірыңғай көзқарас, амал-тәсіл жоқ. Алайда, мұндай жүйені құруға мүмкіндік беретін бірнеше негізгі принципті бөліп көрсетуге болады (Golubev, 2020).

1. «Нөлдік сенім» моделінің контекстінде *«қорғаныс беті» (protect surface)* туралы айту қабылданған. Оған ұйым рұқсатсыз кіруден қорғауы керек болатын барлық нәрсе: құпия деректер, инфрақұрылым элементтері және т.б. кіреді. Қорғаныс беті бұған барлық ықтимал осал инфрақұрылым объектілері, процестер мен оларға қатысушылар кіретін шабуыл бетінен әлдеқайда азырақ. Ал демек, шабуыл бетін нөлге келтіруден гөрі, қорғаныс бетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жеңілірек болады.

2. Микросегменттеу. Сыртқы периметрді қорғауды тұспалдайтын классикалық тәсілден айырмашылығы, Zero Trust моделі корпоративті желіні және басқа да ресурстарды тіптен жалғыз ғана құрылғыдан немесе қосымшадан тұратын шағын тораптарға бөлуді шамалайды. Шығатын жерде өздерінің қауіпсіздік саясаттары мен қол жетімділік құқықтары бар көптеген микроскопиялық периметрлер алынады. Бұл қол жеткізуді икемді басқаруға және желінің ішінде қатердің бақылаусыз таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

3. *Ең аз артықшылықтар принципі*. Әрбір пайдаланушыға өзінің міндеттерін орындау үшін қанша қажет болса, дәл сонша құқық беріледі. Тиісінше, егер жекелеген пайдаланушының аккаунты бұзылса, бұл бүкіл инфрақұрылымның емес, тек ресурстардың бір бөлігінің әшкереленуіне алып келуі мүмкін.

4. «Жаппай сенімсіздік» доктринасы, кері нәрсе дәлелденбейінше, корпоративті ақпаратқа қол жеткізудің кез-келген әрекетінен ықтимал қауіп-қатерді көруге кеңес береді. Яғни, әрбір нақты сессия үшін пайдаланушы (құрылғы, қосымша) *анықтап танып, сәйкестендіру рәсімінен* өтуге және өзінің қандай да бір деректерге қол жеткізу құқығын растауға тиіс.

5. *Жаппай бақылау*. «Нөлдік сенім» моделін тиімді енгізу үшін, IT-бөлімі барлық жұмыс құрылғылары мен қосымшаларын басқару мүмкіндігіне ие болуы керек. Сондай-ақ, соңғы нүктелердегі және инфрақұрылымның басқа элементтеріндегі барлық оқиғалар туралы ақпаратты жазып алып, талдаған маңызды.

Жалпы алғанда, «нөлдік сенім» қауіпсіздік моделін 2-сурет түрінде көрсетуге болады.

2-сурет. Нөлдік сенім қауіпсіздік моделі
Figure 2. Zero trust security model

Осы модель бойынша деректерді қорғау бірінші орынға қойылады. Сондықтан корпорация үшін өзінің деректерін талдай, қорғай, жіктей, қадағалай және қолдай білу қажеттігі туындайды. Бұл модельдің екінші саласы – корпо-

ративті желі. Ол қаскүнем осы желінің ішіне кіре алмайтындай етіп жобалануға тиіс. Бұл үшін заманауи желілік технологияларды пайдалану қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесіндегі адамдардың әлсіз буын болып табылатындығы белгілі. Сондықтан, бұл модельде желі мен интернеттің ішіндегі ресурстарға қол жеткізуді шектеу принципі қолданылады. Бұл ретте шектеулерге VPN, CASB (Cloud access security broker) және қызметкерлерді қорғау үшін қолжетімділіктің басқа да нұсқаларын баптау арқылы қол жеткізіледі.

Бұл модельде «Жүктеме» компоненті ерекшеленеді, ол сервистің вебсайттың ішкі бөлігінің жұмыс істеуіне жауап беретін бағдарламалық-аппараттық бөлігін білдіреді.

Заттар интернетінің таралуына байланысты, корпоративті желінің құрамында бола алатын құрылғылардың саны желінің қауіпсіздігін күрт арттырды. Бұл құрылғылар да шабуылдың ықтимал векторы болып табылады, сондықтан олар, желідегі кез-келген басқа компьютер сияқты, сегменттеуге және мониторингке ұшыратылуға тиіс. Мұның бәрі осы модельде «Құрылғылар»компоненті ретінде ескеріледі.

Осылайша, Zero Trust моделі келесі компоненттерге: сәйкестендіруді және активтерді басқаруға, қосымшаларды анықтап танып, сәйкестендіруге, желіні сегменттеуге және қауіп-қатерлерді талдауға сүйенеді.

Нөлдік сенімі бар архитектураның жоғарғы деңгейі 3-суретте көрсетілген (Наливайко, 2020).



3-сурет. Нөлдік сенімі бар архитектураның жоғарғы деңгейі

Figure 3. The top level of architecture with zero trust

Бұл деңгейде саясаттар ядросы (Policy Engine, PE) және әкімшілік ету агенті (Policy Administrator, PA) архитектураның негізін көрсетеді. Олар бірлесе саясатты жүзеге асыру нүктесін (Policy Enforcement Point, PEP) жасайды. PE қауіпсіздік саясаттарын іске қосады және оларды мінез-құлық аналитикасының көмегімен үнемі бейімдеп отырады. PA осылайша деректерге қол жеткізуге сұранысты ұсынуға, қабыл алмауға немесе кері шақырып

алуға мүмкіндік бере отырып, PE қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. ZTA-да бір де бір пакет криптографиялық қолтаңбасыз сенімді деп саналмайды, ал саясат болса, IP-адрестерді пайдаланып емес, бағдарламалық жасақтаманы және пайдаланушыларды сәйкестендіргіштерді пайдаланып құрылады. PE мен PA арасындағы қарым-қатынасты білдірудің басқа бір тәсілі мынандай: пайдаланушы PE-ге уақыт пен күн, геолокация және құрылғының қалпы сияқты ақпаратты береді, PE тәуекелдерді бағалайды және PA-ға осыны орындау қажет болатын шешімді жібереді.

Компаниялар Zero Trust қауіпсіздік моделін қалайша пайдаланады?

Microsoft өз қызметтерімен келесі нөлдік сенім архитектурасын ұсынады (4-сурет) (Inside Track staff, 2023) .



4-сурет. Нөлдік сенім архитектурасы
Figure 4. Zero Trust Architecture

Пандемия жағдайында ұйым қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі туралы мәселе туындайды. Бұл жағдайда Microsoft келесі жұмыс тәсілдерін ұсынады (Spataro J., 2020), олардың сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте. Microsoft-та қашықтан жұмыс істеуді қамтамасыз ету тәсілдері

№	Тәсілдің атауы	Сипаттамасы
1	Пайдаланушыны сәйкестендіру және кіру	Корпоративтік желіге кіруді қажет ететін пайдаланушы Azure Active Directory-мен (Azure AD) синхрондалған негізгі есептік жазбаны алады.
2	Шынайылықты көп факторлы тексеру (MFA)	Анықтап танып, сәйкестендірудің үш әдісі ұсынылады: сертификаты бар виртуалды және физикалық смарт-карталар, бизнеске арналған Windows Hello (PIN-коды немесе биометриялық кірісі бар) және Azure көп факторлы анықтап танып, сәйкестендіру.

3	Құрылғыларды басқару	Бұлттық басқару ортасына толығымен көшу. Бұл ретте Microsoft Endpoint Manager (MEM) - мен бірлесіп басқару тәсілі қолданылады. MEM Microsoft Intune мен Configuration Manager-ді мұнда пайдаланушы өзінің барлық соңғы нүктелері мен қосымшаларын басқара алатын және олардың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдана алатын бірыңғай консольге біріктіреді.
4	Өнімділікті арттыруға арналған қосымшалар	Outlook Mobile, Microsoft Teams және OneDrive барлық корпоративтік құрылғыларда өрістетілген, сондықтан пайдаланушылар Windows өткізгішінде, Mac-тағы Finder-де және мобильді құрылғылардағы Office қосымшаларында өздерінің электрондық поштасына, күнтізбелері мен файлдарына кіру мүмкіндігін ала алады.
5	Жиналыстар және бірлескен жұмыс	Microsoft-та күн сайын чат, жиналыстар, қоңыраулар және бірлескен жұмыс үшін Teams пайдаланылады.
6	Бизнес - қосымшаларға қол жеткізу	Windows виртуалды жұмыс үстелі қолданылады, ол жұмыс үстелдері мен қосымшаларды виртуалдандыруды жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте барлық жұмыс бұлтта жүзеге асырылады.
7	Сервистер мониторингі	Қосымшалар мен желінің өнімділігі мұқият қадағаланады. Бұл үшін әр шешімге өнім телеметриясының мониторингі енгізілген. Әрі бұл есептерді пайдаланушылардың қанағаттанушылық көрсеткіштері мен қызметтердің мінез-құлқындағы өзгерістер тұрғысынан тексеруге мүмкіндік береді.
8	Мәдениет және өзгерістерді басқару	Қызметкерлерді командаларда адамдарды біріктіретін қауымдастықтар құру үшін Yammer-ді қолдануға үйрету жүргізілуде.
9	Нақты рөлдер үшін жобалау	Microsoft корпорациясында қолдау қызметтері, сондай-ақ қашықтан жұмыс істеу кезінде туындаған мәселелер бойынша пайдаланушыға кеңес бере алатын онлайн-мамандар бар.

Google компаниясы BeyondCorp ұсынады — бұл нөлдік сенім моделін іске асыру. Ол Google-дің идеяларымен және қоғамдастықтың озық тәжірибелерімен үйлескен он жылдық жұмыс тәжірибесіне негізделген. Кіруді бақылауды желінің периметрінен жекелеген пайдаланушыларға жылжыту арқылы, BeyondCorp дәстүрлі VPN-ді пайдалануды қажет етпестен, кезкелген дерлік жерден қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді (Vergadia, Saltonstall, 2020).

Microsoft сияқты, BeyondCorp та бірыңғай кіруді, кіруді, прокси кіруді бақылау саясаттарын, сондай-ақ пайдаланушылар мен құрылғылардың негізінде анықтап танып, сәйкестендіру мен авторландыруды қолдайды. Бұл ретте BeyondCorp принциптері Zero Trust моделінің принциптерімен сәйкес келеді, атап айтқанда:

- Қызметтерге қол жеткізу Сіз қосылған желіге байланысты болмауы керек.
- Қызметтерге қолжетімділік пайдаланушыдан және оның құрылғысынан контекстік факторлардың негізінде беріледі.
- Қызметтерге кіру анықтап танып, сәйкестендірілуге, авторландырылуға және шифрлануға тиіс.

Бұл тұжырымдаманың жеке қосымшасы да бар - бұл нөлдік сеніммен

желіге кіру немесе Zero Trust Networks деп аталады. Біз осы тұжырымдамамен және оның негізінде жатқан принциптермен айналысамыз (Peter Rising, 2023).

Жарайды, бірақ Zero Trust Network Access бағдарламасының бұған қандай қатысы бар деп ойларсыз?

Өйткені, тұжырымдаманың өзі тек теория болды, ол іске асырудың практикалық қадамдарын ұсынбады, сондықтан әртүрлі компаниялар әртүрлі әрекет етті. Бірақ Zero Trust Network Access (ZTNA) тәуекелдерді азайту қадамдарының практикалық орындалуы туралы ақпаратты бере алады.

Сонымен қатар, бір сәтте компания желілік инфрақұрылымның ескірген құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитынын білуі мүмкін, оларда заманауи қауіпсіздік стандарттарын енгізу мүмкін емес немесе қиын. Оларды ауыстыру көп ресурстарды және уақытты қажет етеді. Дегенмен, барлық қызметкерлер дайын болған жағдайда, барлық мәселелерді шешу өте шынайылыққа тән (Golubev, 2020). Қол жеткізуді басқарудан және көп факторлы аутентификациядан бастаған жөн, өйткені бұзулардың шамамен 70% дұрыс орналастырылған аутентификация жүйесінің болмауына байланысты болады. Көп жағдайда көшуді бірден жасау мүмкін емес. Керісінше, бұл бірте-бірте, көп сатылы процесс (Zero Trust Networks: что это, зачем и как работает, 2022).

